Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғаларға арналған электрмен жабдықтаудың үлгілік шарты №58-У/22

Ұлытау селосы **«01» Қаңтар 2022ж**.
(*шарт жасасу орны*) (*шарт жасасу күні*)

«Казэнергоцентр» ЖШС 02.02.2021ж. №21003958 лицензияға сәйкес тұтынушыларды электрмен жабдықтауды жүзеге асырушы, бұдан әрі Сатушы деп аталатын, Бас директоры Бекилдекова Елена Борисовна атынан, Жарғы негізінде әрекет етуші, бір тараптан және бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің "Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Жарғы негізінде әрекет етуші оның өкілі Директордың м.у.а Касымбеков Нурлан Жолаушинович бұдан әрі Тараптар деп аталатындар төмендегілер туралы осы электрмен жабдықтау шартын *(бұдан әрі – Шарт)* жасасты:

1-тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
1) есептік кезең – тұтынылған электр энергиясы есепке алынатын және тұтынушыға төлеу үшін ұсынылатын электрмен жабдықтау шартымен айқындалатын уақыт кезеңі;
2) тұтынушы – шарт негізінде электр энергиясын тұтынатын жеке немесе заңды тұлға;

3) коммерциялық есепке алу аспабы – электр қуатын, электр энергиясын коммерциялық есепке алуға арналған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген техникалық құрылғы;

4) электр энергиясының коммерциялық есепке алу жүйесі – электр энергиясы мен қуаты шығынын анықтауға арналған коммерциялық есепке алу құралдарының жиынтығы (электр энергиясын есептеуіш, ток пен кернеудің өлшеу трансформаторлары) және өзара белгіленген схема арқылы жалғанған құрылғы (коммутациялық аппарат);
5) электр энергиясын сату нүктесі – энергиямен жабдықтаушы ұйыммен электр энергиясын беру туралы шарты бар энергия беруші ұйымның жауапкершілігі шекарасында орналасқан нүкте.
Осы Шартта қолданылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының электр энергетикасы мен табиғи монополиялар саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Шарттың мәні

2. Сатушы сату нүктесіне дейін Тұтынушыға электр энергиясын беруге міндеттенеді, ал Тұтынушы осы Шарттың тәртібі мен талаптарына сәйкес тұтынған электр энергиясы үшін ақы төлеуге міндеттенеді.
3. Шарт Тұтынушымен оның Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тікелей электр желілеріне қосылған жабдығы мен коммерциялық есепке алу аспаптары болған жағдайда ғана жасалады.

3-тарау. Тұтынылатын электр энергиясын есепке алу

4. Сатушы берген және Тұтынушы қабылдаған электр энергиясының көлемі коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткішімен, ал олар болмаған немесе уақытша бұзылған кезде – есептік жолмен анықталады.
5. Коммерциялық есепке алу аспаптарының саны осы Шартқа 1-қосымшаға сәйкес коммерциялық есепке алу аспаптарының тізбесінде көрсетіледі.
6. Коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуды Сатушының немесе энергия беруші ұйымның өкілдері сағат 21-00-ден кешіктірмей жүргізеді. Электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалану кезінде көрсеткіштерді қашықтықтан алуға кез келген уақытта жол беріледі.
Коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу кезінде Тұтынушының өзіне-өзі қызмет көрсетуіне жол беріледі. Көрсеткіштерді алу және төлем құжаттарын төлеу кезінде Тұтынушы жіберген қателерді Сатушы және (немесе) энергия беруші ұйым олардың анықталуына қарай есепке алады.
7. Тұтынушы кезекті жылға электр энергиясын тұтыну көлемін анықтау үшін жабдықтау жылының алдыңғы жылы басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электр энергиясын беру туралы алдын ала өтінім береді.

4-тарау. Электр энергиясы үшін ақы төлеу тәртібі

8. Пайдаланылған электр энергиясы үшін төлем есептік кезеңнен кейінгі айдың 15 (онбесіне) дейін төленеді.
ҚҚС-ты қоса алғанда тиісті қаржылық жылға шарт бойынша сома – 413 000 теңге 00 тиын (Төрт жүз он үш мың теңге 00 тиын).
ҚҚС-ты қоспағанда тиісті қаржылық жылға шарт бойынша сома – 368 750 теңге 00 тиын (Үш жүз алпыс сегіз мың жеті жүз елу теңге 00 тиын).
Бюджет түрі _____.
Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі – _____ "_____
_____".
Бюджеттік бағдарлама - _____"_____".
Ішкі бағдарлама- _____".
Ерекшелік – ___ – коммуналдық қызметтерді төлеу.
Ерекшелік – ___ – сатып алынатын тауарлар, қызметтер мен жұмыстар бойынша Сатушыға ҚҚС сомасын аудару.
9. Егер Тұтынушы электрмен жабдықтау шартының талаптарын бұзғаны үшін ажыратылса, онда оны қосуды энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым тұтынушының бұзушылықтарды жоюды және қосу үшін қызметке ақы төлеуді растайтын құжаттары қоса берілген өтінішін бергеннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде жүргізеді.
9-1. Тұтынушылар төлем құжаттарын пошта байланысы, интернет-ресурсы арқылы, энергиямен жабдықтаушы ұйымның персоналы немесе бірыңғай есеп айырысу ұйымы арқылы алады. Тұтынушының жазбаша келісімі болған жағдайда интернет-ресурс арқылы ғана алуға жол беріледі.
9-2. Тұтынушылар кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын шарт акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық пошта, факс, пошта жөнелтілімі, қысқа мәтіндік хабарлама, мультимедиялық хабарлама, қолданыстағы мессенджерлермен) электр энергиясын жеткізуді тоқтату (шектеу) хабарлама алады.
10. Тұтынушыға есептік айдан кейінгі айдың 7-күнінен кешіктірмей коммерциялық есепке алу аспаптары көрсеткіштерінің және (немесе) осы Шарттың 4, 6-тармақтарына сәйкес жүргізілген есептеулер негізінде төлем құжаты жазылады және беріледі.
11. Коммерциялық есепке алу аспаптары электр желісінің төменгерімдік тиесілі шекарасында орнатылмаған кезде, тиесілі шекара мен коммерциялық есепке алу аспаптарын орнату орнына дейінгі электр энергиясының ысыраптарын энергия беруші ұйым Тұтынушымен келісе отырып, есептік жолмен анықтайды, ал төлемді балансында желінің көрсетілген учаскесі орналасқан тарап жүргізеді.
12. Смарт-картасы бар есепке алу аспаптарын қолдануға негізделген электр энергиясының автоматтандырылған коммерциялық есепке алу жүйесі болған жағдайда, Тұтынушы тұтынған электр энергиясы үшін төлемді төлем құжатынсыз өз бетінше анықтаған көлемде өтейді.
13. Жаңа тарифтерді қолданысқа енгізу тұтынушыларға 3 (үш) күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы алдын ала хабарланғаннан кейін жүзеге асырылады және осы шартты қайта жасасу үшін негіз болып табылмайды.

5-тарау. Тұтынушының құқықтары мен міндеттері

14. Тұтынушы:
1) жасалған шартқа сәйкес электр энергиясын алуға;
2) жасалған шарттың талаптарына сәйкес энергия өндіруші, энергия беруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардан электр энергиясын жеткіліксіз жеткізуден немесе сапасыз жеткізуден келтірілген нақты залалды өтеуді талап етуге;
3) шарт жасасуға және оны орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сотқа жүгінуге;
4) тұтынылған электр энергиясы үшін сараланған тариф бойынша ақы төлеуді жүргізуге;
5) Сатушыны күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар ету және тұтынылған электр энергиясы үшін толық ақы төлеу талабымен Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;
6) тұтынылған электр энергиясының көлемі бойынша есептеулерді егжей-тегжейлі түсіндіре отырып, төлем құжатын Сатушыдан талап етуге;

7) қызмет көрсетуші энергиямен жабдықтаушы ұйымды жаңа энергиямен жабдықтаушы ұйымға ауыстыруға құқылы.
15. Тұтынушы:
1) тұтынушылардың меншігіндегі электр және энергия қондырғыларының және коммерциялық есепке алу аспаптарының тиісінше техникалық жай-күйін ұстап тұруға, Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес олардың техникалық жай-күйіне қойылатын талаптарды орындауға;
2) электр энергиясын сатып алу-сату шартында айқындалған энергия тұтыну режимдерін сақтауға;
3) Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясының стандарттық жиілігін ұстап тұруға бағытталған нормативтік талаптарды орындауға;
4) жасалған шарттарға сәйкес босатылған, берілген және тұтынылған электр энергиясының ақысын уақтылы төлеуге;
5) энергиямен жабдықтаушы және энергия беруші ұйымдардың жұмыскерлерін коммерциялық есепке алу аспаптарына, сондай-ақ мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның жұмыскерлерін, жергілікті атқарушы органдардың уәкілетті өкілдерін электр және энергия қондырғыларының техникалық жай-күйін және пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін жіберуге міндетті.

6-тарау. Сатушының құқықтары мен міндеттері

16. Сатушы, энергия беруші ұйымды қатыстыру арқылы:
1) Тұтынушы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кем емес тұтынушыға хабарлама жіберу фактісін растауға мүмкіндік беретін шарт акцептінде (электрондық поштамен, факспен, пошта жөнелтілімімен, қысқа мәтіндік хабарламамен, мультимедиялық хабарламамен, қолданыстағы мессенджерлерді пайдалану) көрсетілген тәсілдермен Тұтынушыны ескерте отырып:
- шартта белгіленген мерзімде электр энергиясы үшін төлем болмаған, сондай-ақ толық төленбеген;
- шартта белгіленген электр тұтыну режимі бұзылған жағдайларда электр энергиясын беруді толық немесе ішінара тоқтатуға;
2) шарттың жасаумен немесе орындалуымен байланысты даулы мәселелер туындағанда сотқа жүгінуге құқылы.
17.Сатушы:
1) жасалған шартқа сәйкес электр энергиясын беруге;
2) Тұтынушыға келтірілген нақты залалды толық көлемде өтеуге;
3) Тұтынушыға хабарлама жіберу фактісін растауға мүмкіндік беретін шарт акцептінде (электрондық поштамен, факспен, пошта жөнелтілімімен, қысқа мәтіндік хабарламамен, мультимедиялық хабарламамен, қолданыстағы мессенджерлерді пайдалануды ұсынған) көрсетілген тәсілдермен төлемегені үшін электр энергиясын беру тоқтатыла тұрғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Тұтынушыны хабардар етуге;
4) Тұтынушыны электрмен жабдықтау қызметтерінің тарифтері, олардың өзгеруі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын хабарландыру орналастыру арқылы, сондай-ақ төлем құжаттарындағы осы өзгерістер туралы ақпаратты көрсете отырып хабардар етуге;
5) Тұтынушыдан өзіне берілген электр энергиясы үшін өз кассалары арқылы, сондай-ақ банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төлемдерді қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті. Сондай-ақ Тұтынушыдан өзіне берілетін электр энергиясы үшін интернет-ресурстар немесе терминалдар, төлем агенттері, төлем ұйымдары сияқты қосымша көздер арқылы төлемдер қабылдауға жол беріледі;
6) тұтынылған электр энергиясы үшін төлем құжатын Тұтынушыға ай сайын ұсынуға;

7) табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісілген тарифтер бойынша электр энергиясын беруге;

8) энергия беруші ұйымдар тарапынан жабдықты жөндеу және жаңа тұтынушыларды қосу бойынша жоспарлы жұмыстарды жүргізуге байланысты электр энергиясын берудің жоспарланған тоқтатылғаны туралы Тұтынушыны ажыратқанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге міндетті.

7-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

18. Электрмен жабдықтау шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, тараптар нақты келтірілген зиянды өз еркімен өтеуге немесе келіспеген жағдайда сот шешімі бойынша өтеуге міндетті.
19. Тараптар форс-мажор (зілзалалар, әскери әрекеттер, террористік актілер) жағдайларынан туындаған, соның ішінде қатар тараптардың еркінен тыс болған түрлі (электр беру желілерінің және басқа жабдықтардың зақымдалуы немесе ұрлануы) жағдайларда электр энергиясын берудегі үзілістер үшін материалдық жауапты болмайды.
20. Тараптар өздерінің атаулары, заңды мекенжайлары, нақты тұрғылықты жерінің және осы Шарт талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелерінің өзгергені туралы бір-біріне жедел түрде хабарлауға міндеттенеді.

8-тарау. Қорытынды ережелер

21. Шарт Тұтынушы қосылған желіге нақты қосылған сәттен бастап жасалған болып есептеледі және ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімге жарамды болып есептеледі. Тараптардың бірінің мерзімнің аяқталуы туралы Шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған кезде, ол белгіленбеген мерзімге және оны жасасу кезінде Шартта көзделген талаптарда ұзартылған болып есептеледі.
22. Осы Шарттың талаптарын орындауға байланысты Сатушы мен Тұтынушы арасындағы даулы мәселелер туындаған жағдайда, Сатушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде даулы мәселені өз еркімен шешу үшін Тұтынушыға хабарлайды. Өзара келіспеген жағдайда, даулы мәселелерді шешу осы Шартты орындау орны бойынша сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.
23. Шартқа тараптардың келісуімен енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар Шарттың ережелеріне қайшы келмеуі тиіс, олар қосымша келісім түрінде ресімделеді, тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылып, заңнамада белгіленген тәртіп бойынша ресімделеді.

9-тарау. Тараптар деректемелері

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Сатушы:
«Казэнергоцентр» ЖШС
Заңды мекенжай: Қарағанды обл., Жезқазған қ., к. И. Анаркулова 17 үйі, пошталық индексі 100604
Пошталық адрес: Қарағанды обл., Қарағанды қ., Гоголь көш., строение 34А, 301, индекс М01К7G0
БСН 070140004018
ЖСК KZ406017191000001492
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
БИК HSBKKZKX
e-mail: kaz.ec@ kazenergocentre.kz тел.:
8-7212-21-02-73;
8-7212-25-22-59
Бас директор
_____ / Бекилдекова Е.Б./
М.Б.
Мемлекеттік бюджеттен
қаржыландырылатын заңды
тұлғаларға арналған электрмен
жабдықтаудың үлгілік шартына
1-қосымша

Коммерциялық есепке алу аспаптарының тізбесі

№ р/р	Атауы	Есептеуіш типі	Зауыттық нөмірі	Ток трансформаторлары	Коэффициентті есептеу
1	2	3	4	5	
	Карагандинская область, Улытауский район, с.Улытау, Булкышева, 14	СА4-Э708	ЕСО14578		

Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым:

_____
М.Б.

Тұтынушы:

_____
М.Б. (заңды тұлғалар үшін)

25,27

Мемлекеттік бюджеттен
қаржыландырылатын заңды
тұлғаларға арналған электрмен
жабдықтаудың үлгілік шартына
2-қосымша
Нысан
Кімге **ТОО «Казэнергоцентр»**
(энергия беруші ұйым)
Кімнен _____
(ұйым атауы)

Электр энергиясын беру туралы алдын ала өтінім

Мен,_ Касымбеков Нурлан Жолаушинович, Сізден электр энергиясын 14594 кВт _ көлемде 01.Қаңтар.2022 -31.Желтоқсан.2022 аралығында алдын ала беруіңізді сұраймын.

№п/п	Айлар	кВт.сағ Цифрмен	Жазбаша
1	Қаңтар	1216	Мың екі жүз он алты
2	Ақпан	1216	Мың екі жүз он алты
3	Наурыз	1216	Мың екі жүз он алты
4	Сәуір	1216	Мың екі жүз он алты
5	Мамыр	1216	Мың екі жүз он алты
6	Маусым	1216	Мың екі жүз он алты
7	Шілде	1216	Мың екі жүз он алты
8	Тамыз	1216	Мың екі жүз он алты
9	Қыркүйек	1216	Мың екі жүз он алты
10	Қазан	1216	Мың екі жүз он алты
11	Қараша	1216	Мың екі жүз он алты
12	Желтоқсан	1218	Мың екі жүз он сегіз
	Барлығы	14594	Он төрт мың бес жүз тоқсан төрт

Тұтынушы:

_____
М.Б. (заңды тұлғалар үшін)

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

01.01.2022 ж. № 58-У/22 мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғаларды электрмен жабдықтаудың типтік шартына
№1 қосымша келісім-шарт

Ұлытау селосы **«01» Қаңтар 2022ж**.
(*шарт жасасу орны*) (*жасасу күні*)

Тұтынушыларды 02.02.2021 ж. № 21003958 лицензиясына сәйкес электр энергиясымен қамтамасыз ететін **«Казэнергоцентр» ЖШС**, бұдан әрі - Сатушы, оның атынан Бас директор Елена Бекилдекова, бір жағынан, Жарғы негізінде әрекет ететін, әрі қарай Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің "Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, бұдан әрі Тұтынушы немесе оның өкілі жарғы негізінде әрекет ететін Касымбеков Нурлан Жолаушинович ұсынылады,
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Бұдан әрі Тараптар деп аталатын № **№58-У/22** негізінде, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғалар үшін электр энергиясын жеткізуге арналған стандартты келісімшартқа (бұдан әрі - Келісім) келесі өзгертулер енгізілген:

1. «Электр энергиясына ақы төлеу тәртібі» туралы келісімнің 4-тарауының 10-тармағы келесі мазмұндағы 10.1) және 10.2) тармақшалармен толықтырылсын:
«10. Сатушы есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 7-күнінен кешіктірмей электр энергиясына арналған коммерциялық есептегіштердің көрсеткіштерін немесе Шарттың талаптарына сәйкес тұтынуды басқа есептеу негізінде тұтынушыға шот-фактураны қағаз түрінде береді.
Тұтынушыға электронды шот-фактураны ұсынған жағдайда, мәлімдеме мерзімі электр энергиясына арналған коммерциялық есептегіштердің оқылуына немесе Шарттың талаптарына сәйкес тұтынудың басқа есептеулеріне сүйене отырып, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-нан кешіктірілмеуі керек.
10.1) Тұтынылған энергия үшін мерзімі өткен берешек пайда болған жағдайда, ақшалай міндеттемелерді орындау үшін жеткіліксіз жасалған төлем сомасы Тұтынушының бар қарызын келесі тәртіпте өтейді:
- ең алдымен, Сатушының соттағы қарызды өндіріп алу шығындары, сонымен бірге Тұтынушымен дауды сотқа дейін реттеу нәтижесінде шеккен шығындар сомасы;
- екіншіден - пайыздар мөлшері;
- Үшіншіден, егер алдыңғы кезеңдер бойынша қарыз болса, төлем бірінші кезекте осы қарызды төлеуге жіберіледі, содан кейін ол негізгі қарызды төлеуге кетеді».
10.2. «Тараптар тоқсанына бір рет, сондай-ақ Тараптардың бірінің өтініші бойынша есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісін жасайды.»
10.3 "Жаңа шарт жасасу кезінде, алдыңғы шарт бойынша берешек болған жағдайда, мұндай берешек жаңа Шартқа ауысады".

2. 5-тараудың «Тұтынушы міндетті» деген 15-тармақ Тұтынушының құқықтары мен міндеттері келесі мазмұндағы 6), 7), 8) тармақшалармен толықтырылады:
6) объектіні иеліктен шығарған сәттен бастап он күн ішінде объектінің меншігі өзгерген кезде, сатушыға меншіктің өзгергені туралы хабарлайды және тұтынушы электр энергиясының соңғы көрсеткіштерін ескере отырып, энергия беруші ұйым өкілінің қатысуымен жасалған коммерциялық есепке алу құралы үшін қабылдау-тапсыру актісін ұсынады;
7) электрмен жабдықтау схемасы мен өлшеу нүктелері өзгерген жағдайда, бұл туралы Сатушыға құжаттық дәлелдемелерді қолдана отырып жазбаша түрде хабарлауға;
8) заңнамада белгіленген мерзімде Келісімдердің, қосымша келісімдердің, салыстыру актілерінің және олармен жасалған жұмыстардың актілерінің көшірмелерін дер кезінде қайтаруға міндетті. »

3. Келісімшарттың 7-тарауына «Тараптардың жауапкершілігі» келесі мазмұндағы 18.1-тармаққа толықтырылсын:
«Шартта қарастырылған электр энергиясы үшін төлем мерзімі кешіктірілген жағдайда, Сатушы тұтынушыға осы сомалар төленген күні қолданыстағы, ҚР Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 есесінен аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға құқылы, бірақ бұл әр күн үшін, бірақ негізгі қарыз сомасынан аспауы керек.»

4. 8-бөлімнің 21-тармағы (Қорытынды ережелер) келесі редакцияда жазылсын: «Шарт Тұтынушы нақты қосылған желіге қосылған сәттен бастап жасалған және ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды болып саналады.
Осы Келісімнің шарттары Тараптардың арасындағы **01.01.2022 ж**. Бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.
Тараптардың біреуі Келісімнің бұзылуы немесе оның мерзімі аяқталғандығы туралы өтініш білдірмеген жағдайда, ол белгісіз мерзімге және ол жасалғаннан кейін Шартта қарастырылған шарттарда ұзартылды деп саналады.

5. Келісімнің қалған барлық ережелері өзгеріссіз қалады және Тараптар олар бойынша барлық міндеттемелерді растайды.

6. Осы Келісімге қосымша келісім 01.01.2022 сағат **00.00-ден** бастап күшіне енеді және Шарттың әрекет ету мерзіміне қолданылады.

7. Осы Қосымша келісім - шарттың ажырамас бөлігі, екі данада бірдей заңды күші бар, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан тұрады.

8. Тараптар деректемелері:

Сатушы:

«Казэнергоцентр» ЖШС
Заңды мекенжай: Қарағанды обл., Жезқазған қ., к. И. Анаркулова 17 үйі, пошталық индексі 100604
Пошталық адрес: Қарағанды обл., Қарағанды қ., Гоголь көш., строение 34А, 301, индекс М01К7G0
БСН 070140004018
ЖСК KZ406017191000001492
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
БИК HSBKKZKX
e-mail: kaz.ec@ kazenergocentre.kz тел.:8-7212-21-02-73;
8-7212-25-22-59
Бас директор
_____ / Бекилдекова Е.Б./
М.Б.

Тұтынушы: Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің "Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау а.о, Ұлытау а. Бұлқышев көшесі 14 үй (1)
БСН 901140000083
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ406010171000243567
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Тел.: 87103521448
Директордың м.у.а
_____ / Касымбеков Н.Ж./
М.Б.

2022-03-01 14:34:53
Касымбеков Нурлан Жолаушинович
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің "Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Республиканское государственное казенное предприятие "Национальный историко-культурный и природный музей-заповедник "Ұлытау" Комитета культуры Министерства культуры и спорта Республики Казахстан

2022-03-01 14:36:30
Бекилдекова Елена Борисовна
"Казэнергоцентр" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Товарищество с ограниченной ответственностью "Казэнергоцентр"

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1-қосымша

Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:
Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, теңге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2022 қаржылық жыл												
	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің "Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Жалпы энергиямен жабдықтау бойынша қызметтер	Жалпы электрмен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар (электрмен қамтамасыз ету, жылумен жабдықтау, ыстық су)	Электрқуатына ақы төлеу	Бір қызмет	1	413 000.00	қаңтар-желтоқсан	қаңтар-желтоқсан	Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау а. Бұлқышев көшесі 14 үй (1)	0	413 000.00

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

2022-03-01 14:34:53
Касымбеков Нурлан Жолаушинович
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің "Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Республиканское государственное казенное предприятие "Национальный историко-культурный и природный музей-заповедник "Ұлытау" Комитета культуры Министерства культуры и спорта Республики Казахстан

2022-03-01 14:36:30
Бекилдекова Елена Борисовна
"Казэнергоцентр" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Товарищество с ограниченной ответственностью "Казэнергоцентр"

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Приложение 1

Перечень закупаемых товаров(работ/услуг)

№ электронной закупки:
Наименование электронной закупки: Решение о проведении государственных закупок

№ лота	Наименование заказчика	Наименование	Краткая характеристика	Дополнительная характеристика	Единица измерения	Количество, объем	Цена за ед., включая НДС, тенге	Планируемый срок поставки	Срок поставки по договору	Места поставки	Размер авансового платежа, %	Общая сумма, включая НДС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Финансовый год 2022												
	Республиканское государственное казенное предприятие "Национальный историко-культурный и природный музей-заповедник "Ұлытау" Комитета культуры Министерства культуры и спорта Республики Казахстан	Услуги по общему энергоснабжению	Услуги по общему энергоснабжению (электроснабжение, теплоэнергия, горячая вода)	Плата за электроэнергию	Одна услуга	1	413 000.00	январь-декабрь	январь-декабрь	Карагандинская область, Улытауский район, с.Улытау улица Булкышева 14 (1)	0	413 000.00

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

#ID14294358 №901140000083/220001/00

Құжат тексеру үшін, сілтемені басыңыз:
https://v3bl.goszakup.gov.kz/kz/egzcontract/cpublic/show_file/14294358

Для проверки документа перейдите по ссылке:
https://v3bl.goszakup.gov.kz/ru/egzcontract/cpublic/show_file/14294358

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.